

**«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының
мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының
Заңының жобасы бойынша баяндама**

Астана қ.

2012 жылғы 14 мамыр

**Құрметті депутаттар!
Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!**

Біріншіден біз «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасына бастамашы болған депутаттарға алғысымды білдіргім келеді, өйткені осы Заң жобасының мәніне кіретін Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетумен (бұдан әрі – ТМККК) байланысты осы мәселенің орасан зор әлеуметтік маңызы бар.

Өздеріңіз білесіздер 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап түпкі нәтижеге және нақты шығындар бойынша медициналық қызметтерге ақы төлеуге бағытталған көрсетілетін медициналық қызметтер, медициналық ұйымдардың жұмысының бәсекелестік ортасын құруды көздейтін Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі (бұдан әрі – БҰДЖ) кезең-кезеңмен енгізілуде.

Бүгінгі таңда осы мәселелерді реттейтін жеткілікті ауқымды құқықтық база құрылды және осы бағытта бірқатар маңызды нормативтік актілер қабылданды (2-слайд).

Сонымен, ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін медициналық ұйымдарды уақытылы қаржыландыру және үздіксіз медициналық көмекті көрсетуді қамтамасыз ету, медициналық қызметтерді ұсынушыларды таңдау «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын қолданбай жүзеге асырылуда. Үкімет осыған сәйкес тәртіпті бекітті:

- Мемлекеттік органдар күнтізбелік бес күн ішінде медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімі қабылдайды;
- Комиссия бір жұмыс күні ішінде өтінімді қарайды;
- Өнім берушілермен медициналық қызметтерді көрсетуге шарт бір жұмыс күні ішінде жасасады;

Осыған байланысты ТМККК қамтамасыз етудің мынадай қолданыстағы қағидаларының басымдылығына назар аудару қажет:

- сатып алу рәсімдері күнтізбелік жеті күнде жүзеге асырылады;
- халыққа үздіксіз медициналық көмекті көрсету қамтамасыз етіледі;
- ТМККК көрсету үдерісінде бір ғана жеңімпаз қатысып қана қоймайды - ал мемлекеттік органның он шақты медициналық ұйым;
- медициналық ұйымдарды еркін таңдауға пациенттердің құқығын іске асыру мүмкіншілігі, өйткені ТМККК-де бір аумақтық бірлік (әртүрлі бейін бойынша) шегінде бірнеше ұсынушы қатысады;

- ең төмен шартты баға негізінде конкурс жеңімпазы анықталмайды (тарифтер) медициналық қызметтерге баға белгіленген болып табылады (денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган бекіткен);
- шұғыл медициналық көмек көрсету үшін халықтың тұрғылықты жеріне ұсынушының жақын орналасуы ескеріледі;
- ТМККК көрсетуге шығындар нақты көрсетілген қызмет саны бойынша төленеді және бюджет қаражатын ұрлау фактілерінің алды алынады.

Алайда қазіргі таңда азаматтар мен оралмандарды Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (ТМККК) қамтамасыз ету мәселелері проблемалық сипатқа ие болып отыр, осыған орай Кеден одағы шеңберінде 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісімді қабылдау кезінде ТМККК қатысты тармақтар қарастырылған жоқ. Атап айтқанда:

- ТМККК тізбесіне енетін медициналық қызметтерді сатып алу;
- ТМККК көрсету үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу.

ТМККК байланысты көрсетілген жағдайлардың осы Келісімде болмауы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының заңнамасына сәйкес ТМККК мемлекеттік сатып алу міндеті болып табылмайтындығымен түсіндіріледі.

Ресейде қаржыландырудың бюджеттік-сақтандыру үлгісі бар, яғни мемлекет сақтандыру компаниясы арқылы барлық азаматтар үшін денсаулық сақтау қызметтерін тегін ұсынуға кепілдік береді. Беларусьсияда үлгі мемлекеттік қаржыландыруға негізделген, яғни мемлекет медициналық ұйымдардың шығыстарының құжаттары бойынша ақы төлеуді жүзеге асыра отырып, медициналық көмекті ұсынушы болып табылады. Яғни осы келісімді қолданысқа енгізуге байланысты бұл елдерде медициналық көмек көрсету проблемалар жоқ және болмайды да.

Қазақстанда қолданыстағы заңнаманы осы Келісімге сәйкес келтіру мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасына түзетулер қабылданған болатын, соған сәйкес мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ТМККК тізбесіне енетін медициналық қызметтерді, сондай-ақ ТМККК көрсету үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік сатып алу рәсімдерін қолданбай сатып ала алмайды (5-слайд).

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына енгізілген бұл түзету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің мынадай тұжырымдамалық ерекшеліктерін есепке алмай қабылданған:

- мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің, яғни мемлекеттік органның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған қызмет болып табылады., ал ТМККК-да тек азаматтардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.
- Мемлекеттік сатып алуда тек бір өнім беруші жеңімпаз болады, ал ТМККК бойынша Үкіметтің қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес ондаған медициналық ұйым қатысады;

- ТМККК көрсету үдерісінде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымның халықтың тұрған жеріне жақындығы ескеріледі;
- Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген қызметтерді сатып алуға жол бермейді. Алайда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының шеңберінде ТМККК шеңберінде көрсетілетін барлық медициналық қызметті көздеу мүмкін емес.
- Мемлекеттік сатып алуға өнім беруші рәсімінің ұзақтығына тән, бұл ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша, әсіресе шұғыл медициналық көмек бойынша жол берілмейді;
- ТМККК үшін мемлекеттік сатып алу тәсілдерінің бірде бірі жарамайды, өйткені бұл жағдайда мемлекеттік орган медициналық ұйымның біліктілік талабына сәйкестігін тексерумен шектелуі тиіс;
- ТМККК көрсетуге шығындар факті бойынша төленеді, яғни көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемін ерте анықтау мүмкін емес.

Осылайша, 2012 жылғы 1 шілдеде мемлекеттік органдар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының, сондай-ақ Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаменттерінің атынан мемлекеттік қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға мәжбүр, бұл мынадай жағымсыз салдарға әкеп соқтырады:

Пациенттің еркін таңдау құқықтарын шектеу. Пациенттер ТМККК шеңберінде медициналық ұйымдарды еркін таңдау құқығынан айырылады, өйткені жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарының шеңберінде ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық ұйымның бүкіл қажетті көлемін көздеу мүмкін емес. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бекітілген жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарымен көзделген қызметтерді сатып алуға жол бермейді.

Сонымен, әрбір медициналық ұйым медициналық көмекті тек оларға бөлінген ақшалай қаражаттың шеңберінде ғана көрсететін болады.

Өз кезегінде бұл жағдай сапалы медициналық көмек көрсетуді ынталандыру жүйесін тоқтатуға, медициналық ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін шектеуге және медициналық көмек сапасының нашарлауына әкеп соғады. Одан басқа, ақылы медициналық қызметтер алатын адамдардың медициналық ұйымды еркін таңдау құқығынан ешкім де айырмайтындықтан, ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер алатын азаматтардың көрсетілген құқықтарынан айыру материалдық тұрғыдан дискриминация болып табылады. Осыған байланысты, Сіздің назарыңызды пациенттердің еліміздегі медициналық ұйымды еркін таңдай құқығын іске асыруды жоғарлату динамикасына аударғымыз келеді. Бұл ретте, аталған құқықты іске асыру бір облыстың аумағымен шектелмейтінін, барлық ел бойынша таралатынын ескереміз. Осылайша, егер стационар арқылы 2010 жылы ТМККК шеңберінде 19 898 науқас емделіп шықса, 2011 жылы олардың саны 40 883 адамды құрады (8-слайд).

2. Медициналық ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін шектеу. Мемлекеттік сатып алу рәсімі бойынша қолданыстағы тәртіптен айырмашылығы тек бір өнім берушімен жасалатын ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге арналған шарт барлық біліктілік талаптарына сәйкес келетіндермен жасалады (9-слайд). Осылайша, тапсырыс берушімен шарт жасай алмағандар ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсете алмайды.

3. ТМККК уақтылы көрсетпеу қаупі. Мемлекеттік сатып алу рәсімі үздіксіз медициналық көмекті ұсынуды қамтамасыз етпейді, осыған байланысты, аталған рәсім екі-үш ай ішінде жүзеге асырылады (10-12- слайд). Бұдан басқа, аталған рәсім халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін шектеуге алып келеді, себебі, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт тек бір өнім берушімен жасалады. Тиісінше, шұғыл медициналық көмек көрсету қажеттілігі кезінде шарт жасалған медициналық ұйым науқас орналасқан жерге жақын орналасқанмен көмек көрсете алмайды. Бұл өлімге алып келуі мүмкін.

4. Медициналық қызметтердің сапасын төмендету қаупі. Қазіргі уақытта абсолютті көп жағдайларда ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерге ақы төлеу бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгілеген тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Бүгінгі күні Денсаулық сақтау министрлігі бірыңғай тарифтер есебінен өңірлер арасында стационарда емделіп шаққан жағдайға шығыстарды 100% теңестіруге қол жеткізілді. Осыған байланысты Сіздің назарыңызды 2010 жылы аталған іс-шара басталған кезде әртүрлі облыстарда емделіп шаққан жағдайға шығыстардың айырмашылығына аударғымыз келеді (13-слайд).

Алайда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың шеңберінде ТМККК қатысты емделіп шаққан жағдайға шығыстарды теңестіру мүмкін емес, себебі, аталған жағдайда медициналық қызметтер үшін тиімсіз өнім берушінің таңдауы баға ұсыныстары бойынша болуы мүмкін. Себебі, бағаны бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі орнатады және оның төмендеуі медициналық қызметтердің сапасына әсер етеді.

Айтылғандарға байланысты, құрметті депутаттар сіздерден медициналық ұйымдарды және дәрілік заттарды және ИМН сатып алуды қаржыландырудың қолданыстағы тәртібін сақтау үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауыңызды сұраймыз.

Қазақстан Республикасының ТМККК мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманың қолданысынан шығарып алу Келісімге, Кедендік одаққа қатысушы – елдердің мүдделеріне қайшы келмейді.

Назарларыңызға рахмет!